


Сұлтанғали САДЫРБАЕВ



**ҒАЛЫМНЫҢ
ХАТЫ**

Сұлтанғали САДЫРБАЕВ

ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ

*(ғылыми зерттеулер,
мақалалар, естеліктер, көсемсөздер,
ой-толғамдар)*



Алматы
«Дәуір-Кітап»
2015

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3 (5 Қаз)
С15

Алматы облысы әкімдігінің жобасы және
тікелей демеушілігі бойынша шығарылды

Құрастырған
Рәтбек Терлікбаев, ақын, Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі

Садырбаев Сұлтанғали

С15 Ғалымның хаты: ғылыми зерттеулер, мақалалар, естеліктер, көсемсөздер, ой-толғамдар / Сұлтанғали Садырбаев. – Алматы: «Дәуір-Кітап» баспасы, 2015. – 340 бет.

ISBN 978-601-7314-87-3

Сұлтанғали Садырбаев саналы ғұмырында халқымыздың аса бағалы ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрін түбегейлі зерттеп, ұлт санасын көркейтуге өзіндік үлес қосқан көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор. «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген ерекше еңбегі үшін» белгісінің, «Құрмет» орденінің иегері.

Сүйінбай мен Жамбылдың мұрасына адал қызмет еткен автордың қаламынан туындаған пайымды ой түйіндері мен фольклоршы ретінде қалдырған қазынасы да ұшан-теңіз.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жарты ғасырға жуық жемісті еңбек еткен ұлағатты ұстаздың әр жылдарда жазылған ғылыми зерттеу еңбектері мен естеліктерінің, көрікті көсемсөздерінің бірқатары осы кітапқа іріктеліп берілді.

Жинақ көпшілік оқырманға арналған.

«Жамбыл ауданы
әкімінің аудандық
кітапханасы»

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-7314-87-3

© Садырбаев С., 2015
© «Дәуір-Кітап» баспасы, 2015

«СҰЛТЕКЕҢНІҢ ЗЕРТТЕГЕНІ ФОЛЬКЛОР...»

(алғысөз орнына)

Беу, дүние-ай десеңізші! Күні кеше ғана сияқты еді... 2013 жылдың көктемінде Ұзынағаштағы мәдениет үйінде ардақты ұстазымыз Сұлтанғали Садырбайұлы «Қарасай батыр» деректі фильмінің көпшілікке арналған көрсетілімін әкеліп, соны аудан жұртшылығымен бірге тамашалайтын болдық. «Сіз ғалым ағаңызға арнап бір өлең оқыңызшы» деп қиылды, осы шараға бір күн қалғанда аудан әкімінің орынбасары. Өзіл-шынын араластырып, сол күні түнде жазылған он шумақтай өлеңмен сексеннен асқан селдір шашты ағамыздың көңілін ауладық.

Сұлтекеңнің зерттегені фольклор,
Дәріптеді ата дәстүр-салтын ол, –

деп келеді бір екі тармағы. Ұйқасы ынғайымызға сай іліне қалған. Десек те, Сұлтанғали ағамыздың сарыла ізденген саналы адамға алтындай бағалы еңбектерін сараптап оқымағанымызды несіне жасырамыз. Арада екі жылдан астам уақыт өткен соң асыл ұстазымыздың артына қалдырған мол мұрасына осылайша шұқшияттынымызды қайдан білейік ол кезде.

Сүйінбай бабамыздың туғанына 200 жыл толатын салтанатқа орай, марқұм ағамыздың отбасында шырағын маздатып отырған Зүкен апамыздың алдынан шықтық. Мақсатымыз – Сүйінбайдың шөбересі, ғалым Сұлтанғали Садырбаевтың еңбектерінен бір кітап құрастыру еді. «Міне, – деді, бір папка толы газет-журналдарға шыққан материалдарын ұсынып тұрып, Зүкен апамыз. – Тағы керек болса, тағы бар». «Осыны бір көрейік».

Көрдік. Ғаламат ғалым екен Сұлтекең. Қазақтың «Қолда барда алтынның қадірі жоқ» деген сөзі рас екен. Қарасай батыр мен Сүйінбай, Жамбыл ақындар алдындағы перзенттік парызын адал өтегені, Мұрын жырауды мәнеріне келтіргені, «Манас» жырын, «Көрұғлыны» көсілте зерттегені, Шортанбайдың ақындығын айшықтағаны, «Едіге батыр», «Қыз-Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын, қырғыз ертегілерін байыптап талдағаны, орыс ғалымдары В.М.Жирмунский, Н.Н.Пантусов, А.В.Васильевтің, француз саяхатшылары Генрих Мозер мен де-Вогюэ Эжен Мелькиорденің қазақ ауыз әдебиеті мен салт-дәстүріміз туралы жазып қалдырған еңбектеріне берген әділ бағасы, ғылым сапарында өзінің жолын ашып, ақ батасын берген аяулы ұстазы ұлы Мұхтар Әуезов туралы елжіреген естеліктері, т.т. толып жатқан тақырыптарда қалам тербеген ізденісі мен жеке ұстанымы оның қаншалықты

білімдар, қаншалықты парасатты ғалым екенін анық дәлелдейтін дүниелер екенін шүбәсіз мойындадық.

Сұлтанғали ағаның мінезіндегі қайсарлық, тегіне тартқан кірпияз бекзаттық, діттеген мақсатына жету жолындағы қажымас еңбекқорлығы туралы көп естігенбіз. Мақалалары мен ғылыми зерттеу еңбектерінің әрбірін жинақтап құрастыру, сүзіп оқу барысында біз оның соншалықты ұлтжандылығына, адамгершілік асқақ парасатына, ғылымға пәруана берілген адалдығы мен адамзатты шексіз сүйетін гуманистік болмысына тәнті болдық. Өзі өмір сүрген қоғамның күнгейі мен көлеңкесі де оның сезім таразысымен дәл өлшенгені қайран қалдырып, ел мен жердің, әлеумет арасындағы әлсіз топтар мен жастардың болашағына деген алаңдаушылығы әлі де өзектілігін жоғалтпағанына қарап, көрегенді көзқарасына таңдай қағуға тура келді. Ал енді бір ғана сөйлеммен қысқа тұжырымдаған пәлсапалық ойтолғамындағы жан тазалығы қандай десеңізші!

Бұл көрнекті ғалымның көзі тірісінде, баспасөзде жарияланған қыруар еңбегінің бір үзіндісі ғана екенін ескерсек, оның ел үшін атқарған елеулі жұмысы кейінгі зерттеушілеріне де молынан азық болатыны анық. Біз, әрине, ғалисан мінезді ғалым ағамыздың Қазақстандағы мыңдаған шәкірттерінің бірі ретінде, оның ғазиз рухы алдында мысқалдай болса да өз парызымызды өтегенімізге қуаныштымыз.


Кітапты құрастыру барысында зерттеулері мен естеліктеріндегі кейбір қайталауларды оқырман дұрыс түсінсе дейміз. Өйткені, баспасөз табиғатында әр жылдары жазылған материал арасында ондай ішінара қайталаулар кездесетіні заңдылыққа қайшы келмейді. Бәрі автордың төл туындысы болғандықтан, біз де әдейі жылдар ретін сақтап, бес бөлімге жіктеп ұсындық.

Ақиық ақын бабасының айтулы мерейі қарсаңында Сұлтанғалидың есімі аталмаса, Сұлтанғалидың еңбегі бағаланбаса еліне сын болар еді. Соны терең түсінген Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары, қазақ руханиятының үлкен жанашыры Махаббат Садуақасұлы Бигелдиев мырзаға, Жамбыл ауданының әкімі, жаңашылдық пен жақсылыққа жаны құмар Жандарбек Ермекұлы Далабаев мырзаға, ағамыздың асыл мұрасын көзінің қарашығындай сақтап, артын жарық етіп отырған аяулы Зүкен Кеңшілікқызына Алланың нұры жаусын деген ақ тілекпен шағын сипаттамамыздың соңына нүкте қоямыз.

Рәтбек САҒИД-УАҺАС

I бөлім

**ТАЛАПТЫ
ЕРГЕ
ЖАУҒАН
НҰР**



АДАМ АТЫ АЙШЫҚТЫ БОЛСЫН!

Жас нәресте шыр етіп дүниеге келгенде, оның адамзат қоғамына қосылғанын хабарлау үшін ат қойып, айдар тағады. Баяғы заманнан бері балаға ат қою дәстүрі үй-ішінің қуанышты күніне саналып келе жатқаны мәлім. Қазақ халқы дүние жүзіндегі ұлттардың ішінде жас сәбиге есім қоюға асқан құрметпен қарайтынын байқау қиын емес. Егер статистикалық мағлұмат бойынша қазақтардың аттарын санаса, оның соншама әр алуандығына қайран қалуға болар еді. Бұл халқымыздың ат қоюға шеберлігін танытады.

Қазақтар адамға ат қойғанда, алдымен белгілі бір ұғымға негіздеп, баланың аты ата-ананың арман-тілегіне, мұң-мүддесіне сай, мағыналы болу жағына назар аударған. Мәселен, зарығып көрген ұл-қызды Зарлыгүл, Зарлық, Сағынбүбі; кедейліктен құтылып бай патша болса деп, Ырысбай, Көлбай, Әділбай, Көпшілбай; жортқанда жолы болғыш болса игі еді деп Жолдыбай, Жолтай, Жолдықыз деп қоя салады. Ал ел қорғаны батыр болсын деген Батырхан, Бекбатыр, Жаубасар, Жолбарыс деп есім таға берген.

Бай болу, кедей болу «алланың ісі» деп қараған қазақ. Сондықтан «Жақсы лепес – жарым ырыс» деумен бірге, діни-наным бойынша «адамның аты баланың келешек тағдырына әсер етеді-мыс» деген жалған ұғымға да сеніпті. Сондықтан кейбір адамдардың есімдері о баста «киелілік» жағына бейімделіп қойылған. Бүкіл қазақтың бәрі бірдей діни-салтқа сүйеніп, ат қойды деген қағидадан аулақпыз, арасында небір тамаша сұлу:

Қарлығаш, Қырмызы, Меруерт, Іңкәр, Ләззәт, Ғазиз, Әнуар, Ғабит, Бағлан сияқты аттар кездеседі. Қазақ халқының ат қоюға тапқырлығы соншалық, бір аймақ адамдарының есімдері бір-біріне ұқсас келе бермейді. Соған кішкене бір мысал келтірейік.

Жамбыл орта мектебінің 400-ге жуық оқушыларының әкесі және өз аттарын толық қарап шыққанда олардың саны нешеу болса, аттары да соншаға жуық екеніне көзіміз жетті. Естіп, біліп, тексеріп жүрген есімдердің ішінде бір оғаштық көзге түседі. Ата-аналар балаларының аттарына мағыналық томаға кигізіп, кейде бірыңғай ұғым қуалап кетеді. Аттың құлаққа жағымды үнді (музыкалық) естілуіне мән бермеушілік сипаты етек жайған.

Оның салдарынан адамның есімін атағанда тіл тамсандыратындай әдемі аттың болуына кейбіреулер қалай болса, солай қарайды. Басқасын былай қойғанда, совет заманының қыркыншы, елуінші, алпысыншы жылдары туған ұл-қыздарының аттарында да ескі сарынның үні естіледі. Соған бірнеше мысал келтірейік.

Мәселен, көптеген балалардың аттарының соңғы буындары «бай» «хан» (Жолдыбай, Әскербай, Тұрсынбай, Кеңесхан, Құрымбай, Сәбитхан) деп күні өткен тәж-тақтың, ұлықтық терминдерді мадақтаудың қанша қажеті бар?

Екіншіден, кейде адамның есімін революцияның, түрлі таптық партияның атымен Большевик, Социал деп, немесе ұлы адамдардың есімдерімен, тіпті бүтіндей фамилиясымен де атау кездеседі. Мұның өзі сол адамдардың атын қадірлеу шығар. Бірақ, сондай ұлы есімдерге лайық даналық жасай ма, жасамай ма, оны да ескеру қажет. Мысалы, Большевик деген бала мектепте жүргенінде өз атынан қатты қысылады. Баланың аты бала. Бірде болмаса бірде біреулер балағат сөздермен тіл тигізсе, ол тұрпайылық, мәдениеттілікке жатпайтын келісімсіз іс болар еді.

Үшінші, кейбір діни салтты тастамай, оған бас июші адамдар балашағасына біреулердің көзі тимесін деген мақсатпен өрескел аттарды – (Ұлтан, Қадірсіз, Жеккөр, Жаманауыз, Күшікбай, тағы басқа) қоя салады. Ауыл арасында балаға ат қоюда әлі де болса молдалардың таңдауы, таразылауы бар. Олар көбінесе сәбилерге пайғамбардың (Омар, Оспан, Әлі) және күн аттарын (Сәрсенбай, Бейсенбай) ұсынуға әуес-ақ.

Төртіншіден, не мағына, не үн жоқ, әйтеуір кездейсоқ қойылған аттар да ұшырайды. Мысалы, Айтышке, Рапа (сырқаттарды емдеуге пайдаланатын сор, батпақ) Құшқай, Тұршеке, Дәнен, тағы-тағылар. Біздің мектепте Небиян деген де бала бар. Бұл атты неге қойған деп сұрасаң: «Ағайыннан соғыс кезінде хат келгенде тұрған қаласының атын қойыпты», – дейді. Бұл арада баланың атын кемсітейік деп отырғанымыз жоқ. Бірақ, осындай кездейсоқ қойылатын аттарға абай болған жөн. Кейде техника аттарымен атаушылық та ұшырасып қалады. Асылы, баланың есімін ойыншыққа айналдырмау керек қой.

Кейде қыз балаларға ұл балалардың, ұл балаларға қыз балалардың (Боранкүл, Жаннат, Сарқыт, Төкен) атын шатастырып қоюшылық та жиі кездеседі. Мұндай құбылыстың сыры кейбіреулер қызын ұлға балап, оны ерекше киіндіреді. Немесе кілең ұл көріп, қыз аңсаса, оған қыздың атын ұйғара салады. Бұл адамның өзін-өзі алдаусыратуы емес пе?!

Ретінде айта кету керек. Бүгінгі «мәдениетті қауымбыз» деп жүрген интеллигенттер арасында баланың атына жеребе тастайтын әдеттер де бар. Жора-жолдастарымен үй иесі бас қосып, той жасайды. Дуылдасып отырып, әркім өзі таңдаған атты тілдей қағазға жазып, оны бүктеп, столдың үстіне жаяды. Біреу қолына түскен қағазын ашып қарайды. Сонда Мырқымбай, Шалданбай, Тойған, Ханкерей десе, нәрестеге ат тағылады. Осы арада әкесі мен шешесінің, ата-әжелерінің жақсы тілектері, жүрек сүйген аттары ескерілмей қалуы да мүмкін екенін айту керек. Тегінде, балаға атты ең бір аяулы, сауатты адамның қойғаны жөн. Бүкіл әлемге танылған әдемі аттар бар емес пе. Оларды неге қолданбасқа? Тіпті советтік дәуірімізде пайда болған жақсы есімдер де толып жатыр. Атап айтқанда, Бақыт, Дәурен, Болат, Нұрлан, Азат, Сәуле, Қайрат. Осыларды да көптеп қолдау керек. Бұл заманымыздың бейнесін, халықтар достығын көрсетеді.

Қорыта айтқанда, көптеген есімдер қазіргі қоғамдық талғамымызға бүтіндей қайшы келе бастады. Адамның аты тек паспортта ғана сақталмай, күнделікті тіршілігімізде де көп қолданылады. Адамның аты әрі мағыналы, әрі үнді болу жағына қатты назар аударатын уақыт әлдеқашан жетті. Қазір халықтың баршасы білімді, жаман мен жақсыны, әдемі мен көріксізді айыра алатын дәрежеде. Эстетикалық талғамы бай. Егер адам киім таңдауда бір рет адасса, екіншіде сол қатесін түзей алады. Ал адамға ат қоюда қателессен, түзеу қиын.

Сондықтан мұндай азаматтық іске Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл-әдебиет институты араласып, бар қадарынша заманымыздың талғамына лайық кісі аттарының сөздігін жасаса, халық игілігіне сөзсіз асар еді. Сонымен бірге ақын, жазушылар шығарма кейіпкерлерінің аттарын сұрыптап алуға да жауапкершілікпен қараса дейміз. Өйткені мұның да тәрбиелік мәні зор. Былайша айтқанда, жөргектегі бала ер жетіп өскенде, өз есіміне, ата-анасына өкпелемейтін болсын!

Сұлтанғали САДЫРБАЕВ,

Жамбыл атындағы орта мектептің мұғалімі.

«Лениншіл жас», 1960, 30 июнь.

ЖЫРАУ КІМ?

***Жыраушылық – дарын ба, өнер ме? Ақын ба,
жаттаушы ма? Қазір неге жырау жоқ?***

ҚАЗАҚ халқының бағзы замандардағы тарихын, этнографиясын, философиясын, діни көзқарасын, салт-санасын (бірен-саран тас таңбалары болмаса) негізінен ауыз әдебиеті арқылы зерттеп білеміз.

Есте жоқ ескі замандардан бермен қарай халықтың ауызша айтуымен буыннан буынға жетіп, қазіргі кезде көркемдік ой қазынасында құрметті кәдеге жарап отырған атақты шығармалар бар. Олар мыналар: гректердің «Иллиадасы» (15693 тармақ) және «Одиссеясы» (12110 тармақ), қырғыздың «Манасы» (400000 тармақ), немістердің «Песня о нибелунгах», скандинавтардың «Согиі», ағылшындардың «Беовульфті» (VIII ғасырда), француздардың «Роландасы» (XII ғасырда), карело-финнің «Калевалесі», индияның «Махабхараты», моңғолдың «Гэсэрі», қазақтың «Алпамысы». Осындай ұлан-ғайыр ұлы туындылар қазіргі кәмелетті қауымның қолына кімдер арқылы келіп жетті? Егер баспа арқылы кітап шықса, ол қанша ғасыр сақталса да оның таңданарлық жайы онша емес еді.

Ал, енді «Манас» туралы дастанды тек ауызша ғана заманнан заманға,

ұрпақтан ұрпаққа тоздырмай табыс ету – зор ғаламат! Осы жырды ауызша айтушылар Сағымбай Орозбеков пен Саяқбай Қаралаевтар баяғы кездерде қырғыздардың көші-қонында бірге жүріп, үнемі үздіксіз жырлағанда бір көктем, бір жаздың өн бойында (6 ай) айтып түгесе алмайды екен.

Осындай мол сөз маржандарын адам баласының үзілмес нәсіліне, таусылмас қазына қылып, өшпес өрнек әкелушілерді – гректерше – аэд, орта ғасырлардағы француздарша – жанглер, немістерше – шпильман, немесе мейстерзингілер десе, қазақша – жырау, қырғызша – жомоқчу, өзбекше – бахчи, кавказдарша – ашут, украинша – лирник, карело-финше – кантелиқ, якутша – олонхогут, моңғолша – тультчи деп атаған. «Өздеріңізге мәлім, құны жоқ көркемөнер халықта сақталмайды, халық та бір, алтын іздеуші де бір. Ол ең бағалы, данышпан нәрсені ғана іріктеп алып, өңдеп, әлденеше жылдар ұстайды», – дейді М.И.Калинин. Демек, халықтың бай мұрасын жерге тастамай, алтындай алақанына салып, оны аялап, қадірлей білген, былайша айтқанда, терең ойдың телміріп соңына түскен ақыл-естің (память) иелері – жыршы, жыраулар.

Біз, енді тамаша талантты адамдардың қатарына қосылатын, рухани тарихымызда үлкен рөл атқаратын жыраулардың жай-күйі, оның ақындардан алабөтен өзіндік өзгешеліктері қандай деген жалпы сұраққа қысқаша сыпаттама беруге тоқталып өтейік. Профессор Е.Ысмайлов «Ақындар» атты зерттеу еңбегінде: «Жырау деген сөздің төркіні – жыр (иыр) жырлау дегеннен шыққандығы сөзсіз», – деп анықтама берген. Ал, академик В.В.Радлов жырау – қазақ-татар тілінде ақын, жыршы, ескілікті жырлаушы дейді. Біз жоғарыдағы білімпаздардың анықтамасына бүтіндей қарсы емеспіз. Бірақ, солардың пікіріне ұштас мына бір жайды айта кетуді де орынды ғой деп санаймыз. Атап айтқанда, қазіргі кезде жырау деген атау орыстардың сказитель деген жыр жаттаушыларының баламасы ретінде ғылыми терминге айналып бара жатыр.

Ал қазақтың көшпелі дәуірінде жырау 2 мағынада айтылған: бірі – өз жанынан суырып салып, өлең шығаратын ақын есебінде; екіншісі – тек қана біреуден үйренген жырларын баз қалпында басқаларға жеткізуші жырау есебінде санаған. Осыған қоса айтарымыз: осы «жырау деген сөздің шығу төркіні қайдан?» дегенге оралсақ, о баста батырлар туралы дастанды тыңдаушылар жыраудың жырына сүйсініп, айызы қанғанда көтерме қошемет көрсетіп, «Па, шіркін, жыр-ау!» – деп тамсанып, таңдай қағудан туғанына кім де болса қол қояды. Мұндай жырау мен аудиторияның ара қатынасында эмоционалды ассоциация болатындығы қай елдердің ғалымдарына болсын белгілі құбылыс.

Қазақ арасындағы жыраулар мен дүние жүзіндегі жыршы, жыраулардың негізгі көпшілігіне тән кейбір ортақ қасиеттер бар. Мәселен, жалпы қарапайым халықтың ұғымынша кейбір адам туғанда табиғатында жыр жаттауға бейім

және ақындық өнер дариды деп қараған. Мысалы, «Манас» жырын жақсы айтушының бірі Тыныбек айдалада ұйықтап жатып түсінде Манас батырмен бетпе-бет дидарласып, қолынан дәм татады. Кенет ұйқыдан ояна сала қараса, аузына тасыған судай сөз нөсері құйылып кеткендей болады. Сондай-ақ түрікмен халқының ауыз әдебиет шығармасы «Неджепоглан» романында жыршы: «Түсінде 40 сиқырлы жігітпен кездесіп, әрбіреуінің қолынан шарап татады және ең соңында Айшық-айдын (ұстазы) арнайы оған шарап толы кесе ұсынады. Тұра салып, өзінің бахши болғанына «көзі жетеді» дейді. Осы секілді аңыздар түрік тектес халықтардың арасында және моңғолдардың, арысы Батыс Европа елдерінің ішінде де кездеседі.

Мұндай ұғымның тууының о баста екі себебі бар: бірі – алғашқы қауымдық құрылыста халықтың поэзиясы магиялық (сиқырлық) салт-санамен тығыз байланысты еді. Ол кезде грек философы Филан Александрскийдің санағанындай: «Ең әуелі – құдай, онан кейін – сөз. Сөз – құдай текті нәрсе, сөз – құдай мен оның ісінің арасындағы қатынастың міндетін атқарушы» – деген ұғым барлық халықтың сана-сезімінде берік бекіген діңгек сияқты діни көзқарас болған еді. Сондықтан, сөз таңдаған адамына қонады, оған ғайыптан пайда болады-мыс деген сарында, жоғарыдағыдай түс көру әдеттегі әңгімеге айналып кеткен. Екінші себебі: жырау немесе импровизатор ақындар ұзақ-сонар эпостық жырға кіріскенде, олар халыққа әсер етіп (внушение), бар назарымен тыңдап, өзіне сый-құрметпен қарасын деген ұғымнан пайда болған. Сөйтіп, жыраулықты табиғаттан тыс тұрған керемет етіп көрсету жер жүзінде түгел орын алған.

Жыраулардың, жалпы алғанда, екі түрлі өзгешеліктері бар: біреулері – импровизаторлық талант, поэтикалық пафостың адамдары, олар ескі эпостық дастанның негізгі оқиға желісіне қиянат келтірмей, сюжеттік анатомиясын сақтай отырып, кейбір эпизодтардың өңін өзгертіп, өз бетімен төлеу салады; екіншілері – кімнен жырды қалай естісе, соны өзгертпей, айнытпай жырлауға машықтанады. Бұған бір ғана мысал, Батыс Қазақстан өңірінде кең тараған «Қобыланды», «Төрехан» т.б. жырларды Н.Байғанин айтқанда, өзінің творчестволық шабытына қарай өзгерте жырлауға тырысса, Мұрын Сеңгірбаев өзінің ұстаздарынан естіген сөздерін шашау шығармай, бүп-бүтін беруге ықылас қояды. Орынды жерде айта кету керек, Мұрын жырау, жалпы алғанда ақын емес, ғұмырында өз жанынан өлең тауып бір ғана қызбен айтысып, содан былай ақындықты кәсіп қылмаған. Дәл осындай дәстүр карело-финде, орыстарда кездеседі. Атақты карело-фин халықтарының сүйікті шығармасы «Калевалені» (1840) құрастырған Элиас Ленрот: «Жыршы ә дегенде текстінің сөзінен гөрі, алдымен сюжетін есіне сақтайды. Егер ұмытқан жері болса, оны өз сөзімен өзгерте салады. Бұдан басқа да рунаны (жырды) жеткізудің бір жолы бар: егер атадан бала үйреніп жыр айтуға

жаттықса, онда сөздердің өзгермеуіне қатты көңіл аударады», – дейді...

Орта Азия, Европа жырауларының тарихына көз салып қарасаңыз, барлығы да белгілі бір ұстаздықтың мектебінен өтеді екен. Бір ұлттың ішінде географиялық, этнографиялық ерекшеліктеріне қарай аймақтық жыраулар мектебі болған. Мәселен, VIII-VII ғасырларда Гомердің рухында Грецияның Хиос, Дилос, Крит, Беотия, Афинада дәттар мектебі қалыптасса, Саламин, Спарта, Сикион, Этидовр жерінде рапсодтар (үзік-үзік жыр жаттаушылар); ал әкеден балаға, одан немере-шөбересіне дейін жырау болып келуге қатты көңіл аудару Россияның (XIX ғ. 60-70 жылдарында) Солтүстік аймағында Т.Г.Рябин, И.Т.Рябиндер және Сибирьдегі Л.Г.Тупицындердің өздері де әртүрлі жыраулар (сказитель) мектебінен өткен.

Қазақстанның батыс, орталық, оңтүстік аймақтарындағы жыраулардың бір-бірінен репертуарлары, орындаушылық мәнерлері жағынан қалыптасқан платформалары бар. Мысалы, біздің заманымызға тірі жеткен Мұрын Сеңгірбаев XIX ғасырда өмір сүрген Нұрым, Қашаған, Абыл сияқты жыраулардың ықпалында тәрбиеленген. Қай дәуірде, қай өңірде өмір сүрмесін – жыраулардың белгілі топтарының алдына қоятын кредосы – өздерінде қалыптасқан дәстүрлі жырлаудан шідер үзіп шығып кетпеу керек. Бұл заң емес, әдебиеттік канонның бір түрі.

Соны айқындау үшін бір ғана қысқаша дәлел келтірейік: жоғарыдағы айтқан оңтүстік-батыс бойындағы Арал, Каспий, Ақтөбе, Жайық жағасында қазақтардың арасында ірілі-ұсақты 324 жыраулар болған. Қазақ эпосындағы дәуір сипатын шартты түрде бес түрге бөлуге болады. Бірінші – архаикалық, екінші – оғуз-қыпшақ (VI-VII ғ.); үшінші – «Ноғайлы» дәуірі (XIII-XVI ғ.); төртінші – жоңғар соғысы (XVI-XVIII ғ.); бесінші – ішкі бектерге қарсы ұрыстар. Соның ішінде гундардың, селжуктердің, оғыздардың, моңғолдардың, араб-ирандардың, қыпшақтардың қырғындарына Қазақстанның оңтүстік-батыс бөліктері көп ұшыраған. Бәлкім, осындай ат бауырынан қан ағызған небір қиямет соғыстың зардабы, тарихтың сабағы – бәрі қосылып, халықтың қалғып кетпеуіне мұрша бермей, үнемі «етек кесті, ежелгі дұшпанның» бар екенін білдіріп отыру үшін, жыраулар батырлар туралы көп айтса керек. Сондықтан болар, оңтүстік-батыс жырауларының репертуарлық ерекшеліктері сол – олар циклды, желілі жырларды таратып айтады. Фольклор ғылымының білімпаздары В.Белинский, В.Радловтардың айтуына қарағанда, егер қай елде эпос жанры ерте дамып, шарықтау шегіне жетсе, сол елдің эпостық шығармаларында шоғырлану процесі пайда болады деген. Мұны қырғыздың «Манасынан», гректердің «Иллиада», «Одиссеясынан» көруге болады. Бұл жырлар сол елдердің ертегісін, эпосын, салт жырларын бір арнаға бағыттап,

халықтың саяси басқару, шаруашылық, мәдени сипатын бір шығарманың шеңберіне сыйғызған.

Демек, қазақ эпосында да циклді жырлау әдісі толық қалыптасу дәуірін басынан өткізбесе де, бірақ дәл сондай әдеби құбылыс көрініс беріп қалады. Бақайшақтап жатуға мақала көлемі көтермейді. Алайда, Қырымның 40 батыры туралы желілі жырлар айтқан әйгілі Мұрын жыраудың мұралары – қазақ халқының эпосында біртіндеп тұтастану, кірігу эволюциясының болғанына айдан анық дәлел болады, тегінде, қазақ эпосы да дамудың жоғарғы сатысына көтеріліп қалса керек.

Әдебиет тарихында 40 мың жолды шығарманы жатқа айтқан (үш ай бойы жаздырған) қазақ халқының жырауы Мұрын Сенгірбаев туралы бірер мағлұмат бере кетелік. Ол 1860 жылы 15 январьда Гурьев облысы, Манғыстау ауданында туған. Әкесі Сенгірбай момын, шаруа баққан зергер ұста еді. Бала кезінде зеректігімен көзге түседі. Той-томалақ, ас-жиын, ойын-сауық, мереке бола қалса, сонда ақындардың, жыршылардың таңға айтқан жырларын кірпік ілмей тыңдайды. Ара-тұра қысқа қиссаларды, қызық хикаяларды өз бетімен жатқа айтуға әдеттенеді. Жастайынан жоқшылықтың зардабын тартып, қой сонында жүріп қозы бақты, алай-дүлей борандарда шаруа адамдармен бірге балық аулады, қабырғасы қайысып балға соқты. Сонымен бірге халық жырларына іңкәр болды. Мұны сезген Нұрым, Қашаған, Абыл сияқты тісқаққан жыраулар Мұрынды 18 жасынан жандарына қосып алып, көрші жатқан карақалпақ, түрікмен, Бұхар, Хиуа, Бәйрәмәлі, Тәжікстан, Астрахань жерлерін аралаған. Сөйтіп, Орта Азия халықтарының бірқатар жырауларының өнерінен өнеге алып, өзі де атақты жыраулардың қатарына көтерілген.

Жыраулар таптық көзқарасына қарай екі топқа бөлінеді. Мысалы, Иван Грозный және XVI-XVII ғасырдағы орыс шонжарлары, өз дарындарын шеншекпеннен төмен санаған тайғанақ жағымпаз жыршыларды өздерінің саясатын мадақтау үшін қолдарында ұстағаны сияқты қазақ хандары да Бұхар, Тәтіқара, (XVIII ғ.) Байтоқ, Жанұзақ (XIX ғ.) жырауларды хан сарайының қошеметшісі қылып алған. Ал, Мұрын жасы 40-қа келгенге дейін көне етігін кең киетін кедейлердің арасында жүріп, қадірлі жырау атанған. Жасы егде тартқан соң ел аралап жыр айтудан тоқталады да, бірыңғай зергерлік кәсіп қуып кетеді. Енді өшуге айнала жаздаған жырауды 1939 жылы ғалымдар біліп, содан соғыстың қақаған кезінде, 1942 жылы оны Қазақстан үкіметінің шақыруымен Алматыға алдырады. Содан үш ай бойы ертелі-кеш айтып отырып, «Қырымның 40 батыры» деген циклді жырды тарих қазынасына қосып кетеді. Ол 1954 жылы 94 жасында қайтыс болады.

«Біз ата тегін білмейтін Ивандар болған жоқпыз. Біздің еліміздің маңдай

алды адамдары жасаған игі жақсының бәрін біз халық игілігіне пайдаланамыз» – дейді Н.С.Хрущев. Сондықтан, ел даналығын тану, оны қастерлей білу – біздің борышымыз.

*Сұлтанғали САДЫРБАЕВ,
Қазақ ССР Ғылым академиясының аспиранты.
«Білім және еңбек» журналы. № 7, 1961 жыл.*

В. ЖИРМУНСКИЙДІ ОҚЫҒАНДА

Ленинград университетінің профессоры Виктор Максимович Жирмунский әдебиет зерттеу ғылымында көп жаңалықтар ашқан адам. Оның қаламынан шыққан еңбектердің көпшілігі батыс пен шығыс әдебиетінің тарихына, теориялық мәселелеріне арналған. В.Жирмунский тек қана әдебиет зерттеушісі емес, сонымен бірге терең лингвист. Славян, неміс тілдерінің ерекшеліктері туралы жазған еңбектері өз еліміздің де, шет елдерде де филология ғылымына қосылған үлкен үлес деп танылып отыр. Қазір атақты ғалым Орта Азия халықтарының, сондай-ақ Таяу Шығыс әдебиетінің тарихын зерттеу үстінде.

Профессор В.Жирмунскийдің соңғы 20 жылдың ішінде жазған еңбектері негізінде биыл «Халықтардың батырлық эпосы» атты көлемді еңбегі баспадан шықты. Бұл – бір ғана орыс әдебиетшілері үшін емес, берісі – қазақ, өзбек, қырғыз, қарақалпақ, түрікмен, тәжік, арысы – француз, грек, славян, неміс халықтарының барлығына бірдей ортақ еңбек. Мұнда жер шарын мекендеген бірнеше ұлттардың фольклоры туралы сөз қозғалады. В.Жирмунский бұрын-соңды фольклористикада қорытылған құнды пікірлерді орынды пайдалана отырып, өз тарапынан терең тұжырымдар жасайды.

Әсіресе, жер шарының әр түпкірінде айтылатын жырлардың шығу тегін анықтау тұрғысынан қолданған тарихи-салыстырмалау әдісі фольклористер үшін аса қолайлы екенін аңғарамыз.

Автор батырлық эпостың «адамзат қоғамының сәби» (К. Маркс) кезінде пайда болып, әрі қарай дамуымен, құлдық-феодалдық қоғамының тұсында толық қалыптасып біткендігін көрсеткен. Содан соң зерттеуші немістердің сарбаздық эпосы мен француз-испандықтардың эпикалық поэмасы, орыстардың былинасы, оңтүстік славяндардың «Юнацкие песни» дегендері, түрік-моңғол халықтарының дастандары, солтүстік кавказдықтардың эпикалық аңыздарының шығу тарихы мен ұлттық формасында әртүрлі айырмашылықтар бола тұрса да, олардың кейбір мотивтері мен сюжеттерінде өте ұқсас құбылыстардың қатарласып келетінін ашқан. Мәселен, болашақ батырдың алғаш рет дүниеге келуін алалық. Батыс дастандарда батыр бала анасының алма жеуінен, не гүл иісінен құрсаққа бітеді, ал шығыс эпостарында

ку бас атанған ата-ананың дала безіп, әулие-әнбиелерге түнеп кетуінен («Алпамыс», «Кітаби-Қорқыт», «Манас» т.б.) пайда болды делініп, ұқсас келе береді. Сондай-ақ батырдың бойындағы күш-қуаттың бесікте жатып білінуі, баланың «күн емес, сағат санап өсуі» және буыны қатып, бұғанасы бекімеген шағында-ақ жорыққа аттануы (жеті жасар Алпамыс он төрт батпан садақ атады, 9 жасар Манас жаудан кек алады), батырдың «отқа салса күймейтін, шапса қылыш кеспейтін, атса оқ өтпейтін» боп келуі әр елдердің эпостарында өте көп ұшырайды.

Типологиялық ұқсастық жырдың сыртқы формасында ғана емес, сонымен бірге жанрлық сипаттарында, идеялық мазмұнында, мотив пен сюжетте, композициялық құрлысында, стильде, қала берді эпитет, теңеулерде де бар. Мұның сырын В.Жирмунский әр дәуірдегі халықтардың материалдық өндірісі мен материалдық қарым-қатынасында болатын ұқсастыққа сай, көркем әдебиетте де типологиялық ұқсастықтар кездеседі деп түсіндіреді. Сөйтіп, зерттеуші маркстік дүниетану тұрғысынан әдебиет тарихын адамзаттың әлеуметтік тарихы процесімен қос өрім қатар алып қарайды.

Бұдан соңғы бөлімдерде В.Жирмунский батырлық эпостың жанрлық эволюциясы туралы пікірлер қозғайды. О баста үзік-үзік оқиғалы өлеңдердің біртіндеп біртіндеп күрделене беріп, ақыры эпикалық дастан дәрежесіне жеткенін, қай сатымен көтерілгенін анықтайды.

Ауыз әдебиеті қай елде ерте дамып, бұрынырақ шарықтау шегіне жетсе, сол елдің эпикалық поэзиясында тұтастану процесі пайда болса керек. Мұны В.Жирмунский келтірген фактілерінен айқын көруге болады. Ғалым В.Жирмунский тұтастануды (циклизация) төртке бөледі. Бірінші – бір батырдың басынан кешкен әр алуан оқиғалар жеке-дара күйінде (Илья Муромец пен Добрыня Никитичтің әртүрлі сапары) айтыла беретіндігі. Бұл тұтастанудың алғы шарты сияқты. Екінші – батырдың туғанынан бастап өлгеніне дейінгі аралықта (балалық шағы, үйлену, алғашқы сапары) не істеп, не қойғаны жырда тәптіштеліп толық айтылса, онда мұны өмірбаяндық тұтастану деп танымыз. Бұл біздің қазақ халқының эпосына тән сипат. Үшінші – батырдан бағыр туады, ол да ата жолын қуады. Алғашқы бабасы қалай батыр болып туса, одан туған немере-шөбересіне шейін бәрі бірінен бірі асып түскен батыр боп тізбектеле береді. Бұны ғылым тілінде генеологиялық тұтастану деп атайды.

Мәселен, Манас, одан – Семетей, Семетейден – Сейтек; Сейтектен – Алымсарық, Алымсарықтан – Құлансарық деп соза берсе, қазақтың әйгілі жырауы Мұрын Сенгірбаевтың айтуындағы «Қарадөң батыр және оның ұрпақтары деген дастанында Қарадөң, Жұбаныш, Сүйініш, Бегіс, Көгіс, Тегіс, Тама деп батырлықтың шынжырын үзбей тіркеп әкеледі. Егер бір батырдың айналасына кілең сарбаз, нөкерлер тығыз топталса, оларға бас батыр әмір-

құзырын жүргізіп отыруға күш-қуаты моральдық правосы болса, онда мұны бір орталыққа тұтастану деп санайды.

Осы арада ойға түсетін бір нәрсе – В.Жирмунскийдің тұтастану туралы айтқан пікірлерін негізге ала отырып, қазақтың батырлық жырларындағы тұтастану сипатының қандай белгілері бар деген проблемалар туралы фольклористердің ойлануы керек-ақ сияқты.

В.Жирмунский батыс пен шығыс эпостарындағы типологиялық ұқсастықтарды айта отырып, шығыс пен батыстың арасында болған әдеби әсер мен байланысты да қозғайды. Мәселен, Шығыстың әсері Батысқа қандай каналдар арқылы өтті, ол қалай етек жайды деген мәселелерге тоқталады. Бір ғана «Мың бір түн» шығармасының өзі батыс фольклорында және жазба әдебиетінде жүздеген таңғажайып оқиғалы (француздың «Флуар и Бланшеф», «Окассен-Николет», немістердің «Герцог Эрнст» т.б.) шығармалардың тууына себеп болды деген қорытынды жасайды.

Орта Азия халықтарының арасында «Мың бір түн» сюжетінен таралған бірнеше хикая, дастан, әңгімелер бар. Соларды В.Жирмунский еңбегіндей салыстыра зерттеу өз алдына бір үлкен міндет деген де ой туады.

В.Жирмунский ұқсас атаулының бәрін бірбеткей әсердің көлеңкесі деп қарамайды. Зерттеуші әрбір шығарманың түп-төркінін дәл басып, тани отырып ондағы ұлттық қасиеттерін айрықша атап отырады.

Ғалым славян халықтарының фольклорында кездесетін әдеби ұқсастықты, тарихи құбылыстарды айқын тану үшін салыстырмалы-тарихи әдісін төртке бөліп қарайды. 1) Әдеби ұқсас құбылыстарды жай салыстыру; 2) Жырдың тарихи шығу тегін анықтау. Мұнда қай шығарма қай кезде пайда болып, қалай қалыптасқанына баса көңіл аударылады; 3) Тарихи-типологиялық салыстыру. Әртүрлі әдеби ағымдар мен құбылыстардың арасында болатын қарым-қатынасты көрсететін жіктеу; 4) Тарихта өз алдына «окшау тұрған бірде-бір қоғам, бірде-бір мәдени процесс жоқ. Тілі, әдет-ғұрпы, діни көзқарасы, тарихи заңдық праволары бірдей, немесе өте жақын нәсілдес, тектес халықтар арасындағы бір-біріне әдеби әсер, немесе ауысып алу мәселесі. Мұндай процесті В.Жирмунский дүниежүзілік мәдени қарым-қатынастың белгісі деп атаған.

В.Жирмунскийдің бұл төрт критерийі ауыз әдебиетін саралап жіктеуге өте қолайлы әдіс. Бұл зерттеушінің күшін шашыратпай, әрбір құбылыстың, әрбір фактының барлық жағын тең қарауға толық мүмкіндік береді. Орайы келгенде айта кету керек, біздің қазақ фольклористері бір шығарма туралы талдау жасай қалса, текті де, түрді де, мазмұнды да, әсерді де араластырып, шашырай сөйлеуі ара-тұра кездесіп қалады. Автор Орта Азия эпосы мен жыраулары туралы арнаулы зерттеу жасаған. Ол өзінің теориялық тұжырымдарын қазақтың эпикалық жырларынан мысалдар келтіре отырып («Алпамыс», «40

батыр», «Телағыс», «Ер Сайын», «Қобыланды», «Ер Тарғын») дәлелдейді. XIX ғасырда түрік тілдес елдердің ауыз әдебиетін зерттеп жинаған Радловтың, Потаниннің, Диваевтың, Уәлихановтың қазақ эпосы жөніндегі айтқандарынан бастап, совет фольклористері академик М.Әуезовтің, проф. Е.Ысмайловтың еңбектерін үнемі еске алып отырады. Әсіресе, жырау деген кім, оның ақыннан қандай ерекшеліктері бар деген проблеманы сөз еткенде, қазақ халқының ақын-жыраулары туралы көптеген пікір айтады.

Осыған орай айта кететін бір жай – бізде Қазақстанның қай өңірінде қандай жыраулар мектебі болды деген проблема өз арамызда әлі толық ашылып болған жоқ. Эпикалық жырлардың қай түрі қай жерде көп, я аз тарағандығы туралы графия жасау проблемасы қазақ ғалымдарының назарынан әлі де тыс қалып келеді.

Әлбетте, дүниежүзі эпостары туралы зерттеу жазу өте қиын. Мұндай жағдайда барлық тұжырым мен қорытындының бәрі бірдей мұнтаздай мінсіз боп шыға бермейді. Сондықтан В.Жирмунскийдің бұл кітабында некен-саяқ дау тудыратын жайлардың да болуы табиғи нәрсе. Мәселен, қазақ пен қырғыз арасындағы әдебиеттік қарым-қатынастың қат-қабат болуына зерттеуші күмән келтіреді. Екі елдің ортасын Тянь-Шань тауы бөліп жатқандықтан, қырғыздардың атақты деген «Манас» жырының өзі де қазақтарға бимәлім болған дейді. Тек ол жырдың аты аталғаны болмаса, ел аузына тарамаған деген қорытынды айтады. Бұл дұрыс емес. «Манас» жырын қазақтардың ішінде, әсіресе, жетісулықтар көбірек айтқан. Оған бір ғана мысал алайық. Халық ақыны Кенен Әзірбаев осы үлкен дастанның «Көкөтайдың асы» деген тарауын күні бүгінге дейін орындап жүр.

Проф. В.Жирмунскийдің бұл жаңа еңбегі – жер шарындағы халықтар эпосының тарихы мен теориясын жан-жақты зерттеуге арналған аса құнды еңбек. Әсіресе, ұлттық эпос нұсқаларын молынан жинап, енді оларды творчестволық, ғылымдық жолмен игеруге кіріскен Орта Азия халықтарының әдебиетші ғалымдары үшін маңызы орасан зор.

Қазақтың батырлық эпосының тарихы мен теориясы әлі күнге дейін салыстырмалы әдіс тұрғысынан зерттеліп, жазылған жоқ. Бұл мәселе жаңа қолға алына бастады. Осындай жағдайда В.Жирмунскийдің зерттеу әдістерінен үйренуіміз аса қажет. Ғалымның аталған кітабын оқып шыққанда туған ойлар осындай.

*Сұлтанғали САДЫРБАЕВ,
Қазақ ССР Ғылым академиясының
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет пен
өнер институтының аспиранты.
«Қазақ әдебиеті», 21 сентябрь, 1962 жыл.*

ПАРСЫ АНЕКДОТТАРЫ

АНЕКДОТ – грекше «жарияланбаған», «баспаға шықпаған» деген сөзден шыққан. Аталған терминді алғаш рет әдебиетте қолданған кісі әйгілі тарихшы Проконий Кесарийский. Бұл жанр Византиядан шығып, біртіндеп батысқа тараған. Анекдот – тауып сөйлеуге, тапқыр ойға үйрететін ақылды әзілден құралады.

Қарапайым біреудің ине шаншар еті жоқ есегі болады. Жем беріп баққаны болмаса, онысы жұмысқа жарамайды екен. Әлгі адамның сонымен бірге семіз сиыры да бар еді.

Бір күні құдайға жалбарынып:

– О, жаратушым! Мына есектің зияннан басқа пайдасы жоқ, бұдан былай оны көзіме көрсетпей құрт. Осыны асыраймын деп титығым қалмады. Ақ тілегімді бере гөр, жаратушым?! – деп жер жастана жылапты.

Ол таңертең есігінің алдына шықса тілін салақтатып сұлап жатқан сиырын, сүлдесін сүйретіп қалқайып тұрған есегін көреді.

– О, құдай! Сенің аспанда отырып бәрін басқарып отырғаныңа қаншама жылдар өтсе де, әлі сиыр мен есекті ажырата білмейді екенсің ғой! Мен өлімді сиырға емес, есекке тілегенім қайда еді?! – деп әлгі шаруа тізерлеп отыра кетіпті.

Бір сараң базардан жаңа бапмақ сатып алады. Оны киіп ап қырға шығады. Ел көзінен таса жерге барған соң башмағын шешіп, қолына ұстап алады. Бірақ қадам басқан сайын аяғына шөнге қадала береді. «Башмағымды шешіп алғаным мұндай жақсы болар ма, әйтпесе біреуін тесіп тастар еді» – деп ойлапты.

**«Жамбыл ауданы
әкімінің аудандық
кітапханасы»**

Бір дөрекі бала жаман сөз айтып жолдасын ренжітіп алыпты да, ақталған болып:

– Қайтесің, мен жаралған топырақты осылай илесе, амал бар ма? – дегенінде, жолдасы:

– Сенің топырағыңды жақсы илесе де, бірақ аяқпен аз таптапты, – деп жөніне жүріп кетіпті.

Араб аспазшы ет көже жасап жатқанда қасына көп адам келеді. Соның бірі қазандағы тамақтың дәмін татқан болып, бір кесек етті аузына сылп еткізіп сала салады да:

– Тұзы аз, қосу керек, – дейді.

Екінші біреуі де байқаған болып:

– Қатығы аз, қосу керек, – дейді.

Үшіншісі тұрып ол да:

– Қышқылы аз, – дейді.

Сонда бұларға қарап тұрған аспазшы өзі де қазанға қолын салып жіберіп, бір жапырақ етті жұлып алады да:

– Енді қазанда ет те аз, қосу керек, – депті.

Надир шах патша жұмақ туралы өсиет тыңдап отырып:

– Ей, өсиетші, жұмаққа соғысатын жау бар ма, соны айтшы? – депті.

– Онда жаулық та, жау да жоқ.

– Ендеше, оған баратын маған жұмыс та жоқ екен, өсиетінді қысқарт, – деп айкай салыпты.

Біреу бір жаққа барып қайтуға көршісінің есегін сұрайды. Көршісі есегін бергісі келмей:

– Қазір есек жоқ. Сонау алыс жайылымға шығып кетті, – деп жауап береді.

Осы кезде қорада есектің ақырған даусы естіледі:

– Мынау өз есегіңнің даусы емес пе?

– Сен қандайсың өзін, есегіме сенесің бе, әлде маған сенесің бе? – деп зілденіпті көршісі.

Насреддин молданың екі ешкісі болады. Оны үнемі байлап ұстайды екен. Бір күні біреуі көгеннен босанып қаша жөнеледі. Бір топ молдалар ары қуалап, бері қуалап ұстай алмайды. Бұған ызаланған Насреддин көгенде тұрған екінші ешкіні жатып кеп таяқтың астына алыпты. Бұған қайран қалған халық:

– Бұл қашқан жоқ қой, неге ұрасыз? – деп сұрайды.

– Сендер білмейсіңдер, егер бұл қолдан шықса, ана ешкіден де қаттырақ қашатынын жақсы біліп тұрмын, – деп жауап беріпті.

Әкесі ұрлап алған жейдесін баласына беріп, базарға жібереді. Базарға барған жерде әлгі жейдені екінші бір ұры білдірмей баладан қағып әкетеді. Бала үйге құрқол қайтады.

– Қаншаға саттың? – деп сұрапты әкесі.

– Өз бағасына өтті ғой. Сен қаншаға алсаң, мен соншаға саттым, – деп жауап беріпті.

Бірде көшеде кетіп бара жатқан дербіштің (кезбе адам) басындағы шалмасын біреу сыпырып алып, көзді ашып-жұмғанша үй айналып кетіпті. Дербіш оны іздеудің орнына қаланың шетіндегі бейіттің басына барып, жайғасып отырып алады. Бұған таңғалған біреу:

– Өй, дербіш, сенің шалмаңды ұрлаған адам анау бақтың тасасында тығылып тұр. Мұнда отырғанша, сонда бармайсың ба, – дейді. Бұған:

– Ерте ме, кеш пе ұрыны өлім ақыры осында алып келеді. Сондықтан осы арадан күткенім абзал ғой, – деп жауап беріпті дербіш.

Орысшадан аударған

Сұлтанғали САДЫРБАЕВ,

«Қазақстан тионері», 26 июнь, 1963 жыл.

СӨЗ ТУРАЛЫ СЫРЛАСУ

Әдетте әдемі-айшықты айтылған көркем сөздің екі түрлі әсер-ықпалы болады: бірі – тыңдаушыға көркемдік ләззат береді, екіншісі – сөйлеушінің рухани келбетін көрсетеді. Адам баласының күнделікті саналы тіршілігінде сөз шешуші роль атқарады. Сөз мемлекеттік саяси мәселенің түйінін шешуден бастап, семьяның тағдырына шейін араласады. Сондықтан да, қазақ: «ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле» дейді.

Адамдардың арасындағы қарым-қатынастың кілті дұрыс сөйлеу мен бұрыс сөйлеуде ғана деп кесіп айтпасақ та, дұрыс, мәдениетті сөйлеудің қашан да қозғаушы күші болғандығы сөзсіз. «Көңілдегі көрікті ойдың, ауыздан шыққанда көркі қашады» дейміз, бірақ көңілдегі көрікті ойды көрікті етіп сөйлеуге онша назар аудара бермейміз. Рас, сымбатты сұлу сөйлеу екінің бірінде бола бермейді. Бірақ мәдениетті, мәнерлі сөйлеуге ұмтылу керек.

Халықты мәдениетті, мәнерлі сөйлеуге дағдыландыруда көркем әдебиеттің алатын орны, атқаратын міндеті орасан зор. Әдебиет халықтың сөйлеу тілін көркем әдебиетте бейнелеумен бірге, әрі сөйлеу тілінің үздік формаларын халыққа ұсынып та отыруы керек. Сонда ғана әдебиет көркем әдебиет дәрежесіне көтерілмек.

Рас, кейде әрбір мамандықтың өзіне тән ортақ сөйлеу салттарын көрсету үшін, ара-тұра дағдылы сөздерді де қолдануға болады. Бірақ, көркем әдебиет күнделікті ауызекі сөйлеудің шеңберінен шығуы, қарадүрсіндікке, жалаң натурализмге ұрынбауы шарт. Мәселен, Шекспирдің шығармаларындағы сарай қызметкерлерінен бастап, король, герцогтарға шейін шебер сөйлейді; бұған қарап, орта ғасырлық ағылшындардың бәрі де шешен сөйлеген екен деген байлам болмаса керек-ті. Сол сияқты И.С.Тургеневтің қайсыбір

романдарында 15 жасар қыздан бастап, 50-60 жастағы дворяндарға дейін майын тамызып, майда сөйлейді, ал бұған қарап сол дәуірдің күллі қауымы бірдей шебер сөйлепті деген ұғым тумаса керек-ті.

Октябрь революциясы қазақ халқының саяси-әлеуметтік жағдайын өзгертумен бірге, рухани жан дүниесіне де үлкен өзгеріс енгізді. Мәселен, ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы интеллигенция мен ХХ ғасырдың 50-60 жылдарындағы интеллигенцияның ойлау логикасы мен сөйлеу мәдениетінде елеулі өзгешеліктер бар. Мәселен, бүгінгі студент жастарымыз бен оқыған азаматтарымыз халқымыздың ең таңдаулы шешендік сөздерін өзара қарым-қатынаста орынды пайдаланумен бірге, таза, мәдениетті сөйлеуге машықтана бастағандығын театрда, көпшілік орындарда, университет аудиторияларында жиі кездестіреміз. Бұл – қуанарлық, құптарлық қасиет. Осы алдыңғы қатарлы азаматтарымызды көркем әдебиетте көрсету – бүгінгі әдебиетіміздің моральдық борышы. Алайда, жазушыларымыздың қайсыбірі бұл құбылысқа сергек сезіммен қараудың көрнекті белгісін көрсете алмай отырған жайы бар.

Әр кезде «бүгінгі замандастардың парасаттылығын, мәдениеттілігін, ақыл-ойын көрсету керек» деген қағиданы көп айтамыз. Бірақ соны көркем шығармада дәлелдеп, суреттеп беру жағы жетісе бермейді.

Біздің «Жазушы» баспамыздан жыл сайын сандаған роман, повестер жарыққа шығады. Бірақ, солардың кейбірінде кейіпкерлердің рухани байлығы көбінесе жазушының баяндауынша болады да, ал оның өзі өз монологында, өз диалогында аз аңғарылады, көмескі көрінеді.

Мұнан, әрине, біздің көркем шығармаларымыздағы кейіпкерлердің бәрі бірдей мәдениетті, сыпайы, биязы сөйлеуді білмейді деген ұғым тумаса керек. Мәселен, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романынан бір ғана мысал алалық. Абай ауырып, Тоғжанның үйіне кездейсоқ келеді. Абай аттанар алдында Тоғжан оған: «Тағдыр бізді қоспады. Тым құрыса, осы жолы сау келсең... уаз кешкен болар ем. Өміріміздегі бар ұзақ арман, ауыр зар бұл жолы да, сені маған ауыртып әкеп, тоқтамын салды. Енді, сүйген көңіл қайтары жоқ. Бірақ серігім сабыр болсын, дедім. Осы күйде, өзімізге тыйым салған күйде, өмір бойы жеткізбеген арман еріп кетсін. Көрге бірге, имандай таза арманым боп кетсін. Асығыңмын, сол асық күйде, көзімнің жасын жұтам да, кетемін, жаным! – деді.

Аталған сөзде Тоғжан мен Абайдың жан сыры айтылған, бұл ғашықтардың ғашықтық мұңы. ХІХ ғасырдағы мал берген елдің келіні болған Тоғжанның Абайға айтқан ақтық сөзі – Пушкиндік Татьянаның сөзіне сарындас, үндес. Оқушы Тоғжанның осылай айту-айтпасына шүбә келтірмейді, сүйсінеді де, «рас-ау» дейді.

Ал орыстың әйгілі жазушысы И.С.Тургеновтің шығармаларын алсақ, ондағы кейіпкерлердің сөйлескен сөздері әдетте биязы, майда, жұп-жұмсақ.

Өзара әңгімелесушілер ашуланса да бір-бірімен мәдениетті сөйлеседі. Мәселен, И.С.Тургеневтің «Дворян ұясындағы» Лаврецкий мен Лизаның арасындағы бір әңгімеге назар аударалық: «Сіз мейірімді адамсыз, – деп бастады да, өз ішінен «рас, ол анық мейірімді адам» деп ойлап алып, – мені кешіріңіз, бұл жөнінен сөйлеуге батылым бармаса да, керек еді... Бірақ, сіз қалайша, неліктен осы әйеліңізден айырылыстыңыз? – деді.

Лаврецкий дір еткендей болды да, Лизаға көз салып, қасына отырды.

– Қарағым, бұл жараға тименіз, тілеуіңізді берсін. Сіздің халіңіз нәзік екені рас, бірақ маған бәрібір ауыр тиеді», – дейді.

Лаврецкий мен Лиза осылай сыпайы сөз арқылы бір-біріне деген сыйластықтың белгісін білдіріп тұр. Лиза Лаврецкийдің әйелімен ажырасу сырын анықтап білу үшін, «неліктен осы әйеліңізден айырылыстыңыз» деген сөйлемді қолданбас бұрын «бұл жөнінен сөйлеуге батылым бармаса да...» деген сөзді айту арқылы Лаврецкийдің ар-ұжданына соқтықпай, білмек сұрағын біртіндеп сатылап жеткізеді. Сөйтіп, жазушы Лизаның іш күдігінің өзін әдемі, жарасымды, биязы берген.

Қайсыбір көркем шығармалар мен киноларда: «Ғапу етіңіз, рақым етіңіз, мархабат етіңіз, айып етпеңіз, кешіріңіз, егер сіз қаласаңыз, бір секунд назарыңызды аударыңызшы, сіз рұхсат етсеңіз, сіздің талғамыңызға қайшы келмесе, т.т.» сияқты сыпайыгершілік мәнерді білдіретін этикалық сөздер көп қолданылады. Егер осы тектес сыпайы сөздерді шығармасына кірістірмесе де, автордың ойы бұзылмас еді. Бірақ халықтың биязылығын, мәдениеттілігін бейнелеу үшін аталған тіркестерді орынды жерде қолдануды жазушылық борышымыз деп санаған, дұрыс істеген.

Осыған орай бір мысалға тоқталайық. Бір кезде Канада елінде төрт жыл тұрған совет журналисі Леон Багромовтың «Литературная газетада» (1967 жыл, 5 апрель) «Канада және канадалықтар» атты мақаласы басылды. Сол мақаласында Канада халқының сыпайылығын, әдептілігін айта отырып, бір семьяның стол үстінде тамақтанып отырған кезінен мынадай штрих келтіреді:

– «Мэри, тебе положить салат?»

– Да.

– Что, да, – отец сторого смотрит на пятилетнюю дочь.

– Да, пожалуйста, – говорит Мэри покраснев».

Міне, бұл арада «пожалуйста» деген сөздің орынды жерінде қолданылмағаны үшін әкесі баласына реніш білдіріп, оны биязылыққа бас игізген.

Канадалықтардың мәдениетті сөйлеуге машықтанғанын көрсету үшін Л.Багромов тағы да мынадай бір мысал келтірген. Егер бізде үлкен бастыққа біреу телефон соқса, секретарь трубку алып, ызғарлы дауыспен: «Кто спрашивает!» десе, ал канадалықтар: «Могу я передать министру Джонсону,

кто звонит», – деп көңілге дық салмай, жігін жатқызып сұрайды, – дейді. Демек, әрбір ойды сөйлегенде, кескен бөренедей кез келген жағына құлата салмай, айтпақ ойға, білдірмек көңілге біртіндеп, баспалдақтап, сатылап, сыпайылап айту керектігі өз-өзінен белгілі.

Бір кезде Римнің императоры Карл V: «Құдаймен – испанша, жолдаспен – французша, дұшпанмен – немісше, әйелмен – итальянша сөйлесу ыңғайлы», – депті. Ал қазақ халқының көркем тілімен салтанатты да сәнді, әуезді де әдемі, қатты да қатал, жұмсақ та майда сөйлеуге болады. Демек, сөйлеу мәдениетіне жету үшін әрбір саналы азамат, әрбір қалам қайраткері бұл мәселеге қатты назар аударуы керек.

*Сұлтанғали САДЫРБАЕВ,
С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік
университетінің оқытушысы.
«Қазақ әдебиеті», 13 октябрь, 1967 жыл.*

МҰРЫН ЖЫРАУ МҰРАСЫ

(туғанына 110 жыл)

1944 жылы Ташкент қаласында Орта Азия фольклоры туралы Бүкілодақтық әдебиетшілер конференциясы өткен. Оған қатысқандардың назарын ерекше аударған оқиғаның бірі – қазақтың қырық мың тармақтық «40 батыр» жырының әдеби қорға келіп қосылуы еді. Ұланғайыр ұлы туындыны жатқа айтатын атақты Мұрын жыраудан жазып алынған ол жырдың көлемі жер жүзіне мәлім «Илиада» мен «Одиссеядан» екі жарым, үш есе көп болғандықтан, Ташкент конференциясының қаулысында Мұрын жырау мұраларының «...дүние жүзілік маңызы бар» деп, айрықша аталған.

Енді Мұрын жырау кім, оның талант ерекшеліктері қандай және ол жаздырған дастандар қайда, әрі әдеби, әлеуметтік сипаттары қандай деген бірер сұраққа тоқталайық.

Қазақта поэзияға тікелей қатысы бар творчество адамдарын ақын, жыршы, жырау деп атайды. Әлбетте, бұлар бір ғана ұғым емес. Рас, кейде бір адамның бойында екі немесе осы үш қасиеттің болатындығы да бар. Мысалы, Бұхар әрі ақын, әрі жырау деп аталғанымен, оның жаратылысының негізгі сипатына ақындық тән. Ал Сыпыра жырау, Мұрын жырауларды халық ақын деп атамай, жырау деп атаған. Демек, ақын мен жыршы, жыршы мен жырау деген сөздердің өзара творчестволық айырмашылықтары бар деген ұғымды аңғартады. Яғни, ақын дегеніміз – өз жанынан тың, соны шығарма тудырушы адам, жыршы қысқа сонар өлең, үзік-үзік шығармаларды жатқа айтушы, жырау – ұзақ толғауларды, дастандарды жаттаушылар.

Қазақ халқының әдебиет тарихында талай тамаша жыраулар болған. Бірақ, арғы-бергі заманда Мұрын жырауға тең түсетін жырау кездеспеген. Мықты деген жыраулардың көпшілігі көлемі шағын екі-үш дастанды ғана жатқа айта алған. Ал, Мұрын жырау қазақ халқының «Қырық батыр» сынды жырын бір өзі орындаған.

Ғасырға тақау жасаған Мұрын жыраудың өмірбаянында шешуші екі фактор бар: бірі – зергерлік, екіншісі – сөз өнері. Мұрын Сеңгірбаев 1860 жылы, 16 январьда Гурьев облысы, Маңғыстау ауданының Бозашы түбегінде дүниеге келген. Оның тәрбие алған ортасы – өздерінің адал еңбегімен күн көрген момын шаруа. Әкесі Сеңгірбай, ағасы Төлеген, бабасы Айғыр темір-терсектен ол-пұл жасап күн көрген. Ал, анасы Қалдықөз қазақтың ертегі-аңыздарын, шешендік сөздерін жақсы білген білікті жан еді деседі. Ол үйінде өрмек тоқып отырып, Мұрынға таңғажайып тамаша әңгімелер айтып беретін болған. Бұл Мұрынның сөз өнеріне құштар болуының басы еді. Мұрын жырау тұрмыс тауқыметіне жастай араласқандықтан, хат танымай қалған.

Мұрын жырау жеті-сегіз жасында ауыл-аймақта өтетін айт пен тойдан қалмай, ақын-жыршылардың айтқан өлеңдері мен дастандарын ыждаһатты тыңдауға әбден машықтанады. 1876 жылы Дәметкен деген қызға үйленеді, ал 1877 жылы әкесі Сеңгірбай қайтыс болады.

Мұрын жырау он жеті жасынан бастап, бірыңғай сөз өнерінің ізін қуады. XIX ғасырда күллі Маңғыстауға аты әйгілі болған Қашаған, Нұрым, Абыл сияқты ақын-жыраулардың қасына еріп, ел аралайды. Мәселен, Нұрым жыраудан «Ала тайлы Аңшабайдың ұрпақтары» атты жеті дастанды, ал Қашаған ақыннан «Қыдырбай және оның ұрпақтары» деген оннан астам поэмаларды жаттап алады. Сөйтіп, Мұрын жырау жеті-сегіз жыл ұстаздықтың мектебінен өткен соң, өз бетімен Маңғыстауды аралайды. Үй тірлігін бұлайша тәрк етіп, сөз өнері үшін ел аралап, салдық, серілік құру – әр ел жырауларының басында болған хал. Ол жыраудың шәкірттіктен өтіп, нағыз жыраулық биік сатыға шығу белгісі болып табылады.

Сөйтіп, Мұрын жырау ержете келе өрісті алысқа тартады. Ол қазіргі Қарақалпақстан, Тәжікстан жерлеріне дейін саяхат жасайды. Өйтуінің екі түрлі парқы болды: біріншіден, қазақ халқының ерлік даңқын көрші елдерге насихаттап, әйгілі етсе, екіншіден, сол елдердің батырлар жырын жырлау әдістерімен танысып, мол сабақ алған.

Фольклорист В.Радлов Орта Азия халықтарының эпикалық шығармаларында «40» саны жиі кездесетініне мән берген. Мұндай ерекше құбылысты «...кейде, түркі тектес елдердің жыраулары репертуарында 40 бытыр туралы толық каталог (сипаттама) береді. Бұл – жыраулықтың биік шыңына жеткендіктің бірден-бір белгісі», – деп санаған. Мысалы, қарақалпақтардың «40 қызы», қырғыздың «Манас» жырындағы 40 шора;